

**Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 351 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
Директоратының 1999 жылғы 14 қазан N 454. Күші жойылды - ҚР Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі
Басқармасының 2004 жылғы 13 қазандағы N 276 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "
Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен
сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы*
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді...

Төраға

*Бағалы қағаздар рыногы
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
кейбір нормативтік құқықтық
актілерінің күші жойылды
деп тану туралы" Қазақстан
Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау жөніндегі
агенттігі Басқармасының
2004 жылғы 13 қазан
N 276 қаулысына қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*3. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 24-маусымдағы N 351*

қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 14-қазандағы N 454 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 938 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында 1999 жылы жарияланған, N 11)...

Ашық акционерлік қоғамдардың жабық тәсілмен сатып алынған акцияларымен жасалған мәмілелерді тіркеу процесінде туындаған құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларды нақтылау мақсатында Ұлттық комиссияның Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде 852-нөмірмен V990852_ тіркелген "Ашық акционерлік қоғамдардың жабық тәсілмен сатып алынған акцияларының қозғалысына бақылау жасау туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 351 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 4) тармақшасында:

бесінші бөліктегі "таратылған кезде" деген сөздерден кейін "." (нүкте) тыныс белгісі ";" (үтірлі нүкте) тыныс белгісіне ауыстырылсын;

мынадай мазмұнды алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"жекешелендіру туралы заңдарға сәйкес акциялардың мемлекеттік пакеттерін с а т у к е з і н д е " .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны "Қазақстанның қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны өздерінің мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы